

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

2020 жылдың 04 наурызы

KASE гендерлік теңдікке арналған конференция өткізді және бағалы қағаздармен сауда-саттықтың ашылу салтанаты болды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай – KASE, Биржа) 2020 жылдың 04 наурызында Young Presidents' Organization Kazakhstan (YPO Kazakhstan) бірлесіп, "Мекеменің тұрақты дамуы: гендерлік теңдік" атты конференциясын өткізді және Биржаның қор нарығында Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттық ашылу салтанатын өткізді.

Бұл іс-шара 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Біріккен Ұлттар Ұйымы (әрі қарай – БҰҰ) бастаған тұрақты дамуға қолдау көрсету және оны алға жылжыту, гендерлік теңдікті көтеру маңыздылығын атап көрсетуге, әйелдердің құқығын мен мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ қоғамдағы ролін арттыру мақсатында өткізілді.

Конференцияның жұмысына және сауда-саттықтың ашылу салтанатына еліміздің қоғамдық-саяси және қаржы-экономикалық саласына елеулі үлес қосып жүрген белгілі қазақстандық әйелдер қауымы қатысты.

Конференция заманауи бизнес жағдайында гендерлік теңдік тақырыбындағы диалог үшін сараптамалық алаңға айналды.

Конференция барысында спикерлер заң және экономикалық шаралармен гендерлік теңдікті ынталандыру мәселесіне байланысты, сондай-ақ Қазақстандағы кәсіпкер әйелдердің ролі мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі бірқатар сұрақтар талқыланды.

KASE 2015 жылы қосылған, Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттықтың ашылу салтанатын БҰҰ Бастамасы "Тұрақты қор Биржасы" – Sustainable Stock Exchanges Initiative (SSE бастамасы) жүзеге асыру аясында Биржа 3-ші рет өткізіп отыр. Әлем бойынша аталмыш акцияға дәстүрлі түрде "БҰҰ-әйелдер", Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), "Әйелдер және биржалық индекстік қорлар" және Бүкіләлемдік биржалар федерациясы қолдау көрсетеді.

БҰҰ Бастамасы қызметінің бір бағыты әйелдердің бизнесте және қоғамдық өмірде толық құқылы және тиімді қатысуын қамтамасыз ету, және оларға саяси, экономикалық және қоғамдық салада шешім қабылдаудың барлық деңгейінде басшылық жасауды жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктер ұсыну болып табылады.

Бүгінгі таңда KASE БҰҰ аталмыш Бастамасына қолдау көрсетуші әлемнің қор биржалары аясындағы 50 биржаның ішіне кіреді.

Сонымен қатар, Биржа, инфрақұрылымдық ұйым ретінде қаржы нарығының қатысушыларына тұрақты даму мәселелері бойынша соңғы трендтерді ұсынады және корпоративтік басқаруда үлгі болмақшы. Биржаның сондай бастамаларының бірі 2016 жылы әзірлеген листингтік компаниялардың экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару өлшемдері бойынша – Environmental, Social and Governance (ESG) қаржылық емес есептілігін ұсыну әдістемесі болып табылады. Оны KASE эмитенттер арасында белсенді жүргізуде.

Аталмыш әдістемеге сәйкес, Биржа эмитенттерге барлық қызмет аспектілері туралы ақпарат ұсынуды, оның ішінде гендерлік теңдік саласында эмитенттерге ақпарат беруді ұсынады.

2019 жылы KASE "Әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту қағидалары – Бизнес тең құқықтылықты білдіреді" (Women's Empowerment Principles, әрі қарай – WEP) жахандық бастамасына қосылды. Қазіргі таңда WEP бастамасын әлем бойынша 2200 астам компания қолдайды, оның ішінде Қазақстан Республикасынан – 5.

WEP жахандық бастамасы компанияларға күнделікті бизнес-процестерге тәжірибені ұштастыруға мүмкіндік беретін, гендерлік теңдік аспектілермен қоса жеті қағидамен қалыптастырылған. Биржаның WEP қағидаларына бірігудегі тәжірибесі өзге компаниялар үшін тұрақты даму үшін тиімді үлгі ретінде қолданылуы тиіс.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның «Қор биржасы тұрақты даму үшін» бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

YPO (Young presidents organisation) – әлем бойынша компаниялардың иелері мен бірінші басшылары кіретін бизнесмендердің ең өкілетті желісі. Бүгінгі таңда YPO әлемнің 130 елінен 28 000 мүшесі, сондай-ақ 450 бөлімше қатысады. YPO Қазақстан өз қызметін кеңейтуге, білім беруге және тұрақты өсуге бағытталған бірқатар белгілі бизнесмендерді біріктіреді. YPO Қазақстан мақсаты елімізде, сондай-ақ шет елде бизнес байланыстарды кеңейту және нығайту, алдыңғы қатардағы әлемдік бизнес-мектептер бағдарламасына оқыту арқылы, идеялармен және тәжірибемен алмасу, әлеуметтік жобаларға қолдау көрсету болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz